

12 Khairullina R.Kh. Phraseological image: mental nature and linguistic expression// Fundamental research. 2015. P. 2, 27, 6129-6132.

13 Zhang M. Digital lifeworld and communicative interaction: conceptualizing the transformative potentials of social networking in the public sphere // Journal of Linguistics and Communication Studies. – 2023. –Vol. 2, No. 4. – P. 121-131. <https://doi.org/10.56397/jlcs.2023.12.14>

14 Strategy and Tactics of Communication in Fairy Tale Discourse// Eurasian Journal of Applied Linguistics, 11(1)(2025). P. 118-128. <https://search.app/A7oaEZXEEdVpVg66A9>

Received: 28.12.2025

MPHTI 811.512.122:39

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp96-110](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp96-110)

**К.К. Муканова<sup>1</sup>, Э.М. Самекбаева<sup>1</sup>, Г.Б. Саганаева<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>«Шәкәрім университет» КеАҚ, Семей, 071411, Қазақстан

### **ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ «АР» КОНЦЕПТИСІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдеріндегі «Ар» концептісінің танымдық ерекшеліктері талданады. Зерттеу еңбегінде тіл мен ойдың өзара байланысы антропоэзектік парадигма негізінде қарастырылады және «Ар» ұғымының концептуалдық жүйесі ұсынылады.*

*Зерттеу барысында тілді танымдық аспектіде зерттеу, яғни тіл мен ойлау процесінің сабақтастығы жөніндегі А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов сынды ғалымдардың пікірлері және Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, М. Копыленко, Т. Жанұзақов, Ө. Айтбаев, Э. Сүлейменова, Б. Момынова, Б. Қасым сынды ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.*

*Шәкәрім шығармалары негізінде «Ар» ұғымы тек жеке адамдық қасиет ретінде ғана емес, ұлттық құндылық ретінде қалыптасып, қоғамдағы мінез-құлық нормасы ретінде танылған. Сондықтан зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – «Ар» ұғымын танымдық тұрғыдан жан-жақты зерделеу, оның мазмұндық мәні мен функцияларын ашу болып табылды. Осы мақсатқа сәйкес, Шәкәрім шығармаларындағы «Ар» концептілік өрісінің мазмұндық аясы анықталып, оның танымдық сипаты жүйелі талданды, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен моральдық құндылықтар негізінде концептілердің маңызы көрсетілді. Талдау арқылы «Ар» ұғымының танымдық, этикалық және әлеуметтік мәні кеңінен ашылды.*

*Шәкәрім өлеңдеріндегі «Ар» концептісінің танымдық ерекшеліктерін жүйелі зерттеу арқылы тілдік, танымдық сипаты, танымдық өлшемдері анықталады және қазақ тіл білімінің теориялық базасына үлес қосады.*

*Кілт сөздер: концепт, таным, тіл мен ой, ар концептісі, концептуалды талдау, лингвомәдени концепт*

### **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Жалпы адам айналасындағы құбылысты, білімді т.б. таным әрекеті арқылы қабылдайды, ұғынады, еске сақтайды және таниды. Таным адамның қоршаған ортаны бейнелеу, қабылдау әрекеті болып табылады. Адамның дүниені танып білуі үздіксіз дамып отыратын үрдіс және ол адамның білімінен, тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен көрініс тауып отырады. Оған тіліміздегі шешендік сөздер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтел сияқты тілдік бірліктер дәлел бола алады.

Адам танымы тіл арқылы дамиды, кеңейеді, жетіледі. Тіл – адамның танымдық деңгейінің көрсеткіші. Танымдық әрекеттер арқылы адамның айналадағы дүниені, қоршаған ортаны танып білуі, түсінуі, қабылдауы жүзеге асады. Баланың білімі, мәдениеті, санасы, ақылы, өресінің кендігі сияқты қасиеттерінің барлығы да оның танымының кендігі болып саналады. «Таным – бұл адамның болмысты бейнелеу әрекетінің ғажап түрі. Адам айналадағы білімді санасына таным әрекеттері арқылы қабылдап, түсініп, миында қорытып, еске сақтап, таниды. Адамның нақты мақсатына бағытталған және шығармашылық іс-әрекетке негізделген таным нәтижесінде сыртқы әлемнің образдары қалыптасып, олар туралы білім пайда болады» [1, 277].

Қазіргі уақытта антропоэлектік парадигма заманауи лингвистикалық зерттеулерде аса маңызды орын алады. Аталған парадигма тұрғысынан тілді адам баласының ойлауымен және санасымен тығыз байланысты зерттеу өзекті болып табылады. Тіл тек қана сыртқы коммуникативтік құрал ғана емес, ол адамның ойлау процесімен тығыз байланысты, санасының функционалдық құрамдас бөлігі ретінде әрекет етеді. Тіл адамның когнитивтік қабілеттерін қалыптастыруда және ойлау құрылымын ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады. Тіл, ой, сана байланысын жан-жақты зерттеген Войцех Левандовски мен Шейда Озчалышқан сияқты ғалымдардың пікірінше, тіл адамның айналадағы қоршаған ортаны тануына, қабылдауына және дүниетанымына тікелей әсер етеді [2]. Сонымен бірге, тіл әлеуметтік, моральдық нормалар мен қағидаларды, жалпы құндылықтарды айқындайтын күрделі жүйе [3]. Яғни тілді ақпаратты өңдеп, адамның ішкі дүниесін бейнелеуге, әлемді түсінуге мүмкіндік беретін жүйелі құрал ретінде қарастырамыз. Осы тұрғыдан алғанда, тілді тек лингвистикалық аспектіден ғана зерттемей, адамның психикалық және когнитивтік ерекшеліктерін де ескере отырып зерттеудің маңызы зор.

Таным теориясының басқа ғылым салаларының байланысы негізінде когнитивті лингвистика саласының пайда болғандығы белгілі. «Когнитивті тіл білімі – таным (когниция) мен тілдің арасындағы байланысты, қарым-қатынасты, сәйкестікті білдіретін ғылым [4, 112]. Когнитивті лингвистика танымдық тілі білімі екендігі белгілі. Тіл, таным, ақыл, ой, сана танымдық тілі білімінің негізгі зерттеу объектісі. Осының тіл мен таным, тіл мен сана когнитивті лингвистиканың басты нысаны деп айтуға болады. Дүние бейнесін тілдік жүйеде таныту когнитивтік бағыттың негізгі мақсаттарының бірі. Танымдық тіл білімі адамзаттың ұлттық болмысқа жүйеленген танымдық деңгейінің тілдегі көріністерін зерттейді. Жалпы қоршаған ортаның адамның санасында қабылданып, тілдік қатынаста көрінуі когнитивтік лингвистикада жан-жақты қарастырылады.

Қазақ ақын-жыраулары, ойшылдары және ғалымдарының шығармаларында қоршаған ортаны тану мен білімге деген көзқарас кеңінен көрініс тапқан. Бұл тақырып терминологиялық тұрғыда нақты аталып өтпесе де, олардың шығармалары мен еңбектерінде адам мен әлем арасындағы байланыс, табиғат пен қоғамдық өмірді түсіну арқылы білім мен танымның көрінісі айқын байқалады. Тілді танымдық аспектіде зерттеу, яғни тіл мен ойлау процесінің сабақтастығы жөніндегі пікірлер А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов сияқты ғалымдардың еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Олар тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ой мен білімді қалыптастыру, адам санасы мен қоғамдық өмірді бейнелеу үшін кеңінен қолданылатын құрал екенін көрсеткен. Ғалымдар атап өткендей, тіл тек сөздер мен грамматикалық құрылымдар жиынтығы емес, ол адамның тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық ерекшелігіне, санасына және танымдық қабілетіне тікелей әсер ететін, ой мен мәдениетті байланыстыратын кешенді жүйе болып табылады.

А.Байтұрсынұлының еңбектерін зерттей келе, ғалым тіл мен ойдың тығыз байланысына ерекше назар аударғанын байқауға болады. Ол тілдің тек ойды білдіру құралы ғана емес, адамның танымдық әрекетіне терең ықпал ететін күрделі жүйе екенін жан-жақты талдаған. А.Байтұрсынұлы сөз бен мағына арасындағы сабақтастықты, тілдік бірліктердің адамның ойлау және білім алу процесіндегі рөлін айқын көрсеткен. Оның көзқарасына сәйкес, тіл – бұл тек коммуникация құралы емес, сонымен қатар, адамның ішкі дүниесін бейнелейтін, ой мен сананы ұйымдастыруға ықпал ететін когнитивтік механизм болып табылады. Осы тұрғыдан,

А.Байтұрсынұлының зерттеулері тіл мен ойдың сабақтастығын түсінуге, қазақ тілінің танымдық әлеуетін ашуға бағытталған терең ғылыми тұжырымдар ретінде бағаланады.

Қ.Жұбанов өз зерттеулерінде тіл мен тарихты, ұлт пен танымды, халық пен мәдениетті өзара сабақтастықта қарастырған.

Академик Абдуали Қайдардың еңбектерін зерделеген ғалым зерттеулерінен де, ғалымның А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов көзқарастарын жалғастыра келе, антропоэлектік парадигма аясында қалыптасқан лингвистикалық таным теориясын зерттегенін пайымдауға болады. А.Қайдар «Сөз мұхитының түбіне терең бойлап, оның сан ғасырлар бойы сақтап келе жатқан сырын ашу үшін тіл тамыршысы болу керек» деп санайды. Яғни әрбір сөздің тарихи-мәдени, кәсіби, әлеуметтік мағыналарының астарында жатқан деректі тамыршыдай тап басып, кешенді зерттеу арқылы танып білу керек деп есептейді [5, 7 б.].

Тілді ұлттың мәдениетімен, салт-дәстүрімен, рухани болмысымен сабақтастыра қарастыру бағыттың басты көрінісі тіл білімінің этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану тәрізді жаңа салаларымен негізделді. Бұндай бағыттағы зерттеулердің негізі қазақ тіл білімінде Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Ж., Манкеева т.б. ғалымдардың еңбектері арқылы қаланды.

Аталған ғалымдар зерттеулерінің ізімен лингвомәдениеттану бағытындағы жан-жақты, сан-салалы жұмыстар дүниеге келді. Бұл тілді ойлау мен таным бірлігінде қарастырған алғашқы еңбектер болды.

Лингвист-ғалым Қ. Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» деп аталатын еңбегінде қазақ тіл білімінде когнитивті лингвистиканың ұлттық негізде қалыптасып, тілді адам танымы мен психикасы арқылы зерттеудің маңызын қарастырған және оның лингвопсихологиялық негіздемесін ұсынған [6].

Ғалым аталған еңбегінде тілдік сана, дара тұлға, тілдік модельдер жүйесі, гештальт теориясы, мәтін құрылымы, көркем дискурс, мұң концептісі ұғымдарына түсінік береді және лингвопсихологиялық, лингвофилософиялық талдау жасайды.

Профессор Ж.Манкеева «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты ғылыми мақаласында когнитивтік лингвистикадағы тілдің бейнелеушілік қызметінің зор екендігін атап көрсете келе, негізгі үш ұстанымын айқындап береді.

«1 Қоғамдық тәжірибеге негізделу, яғни дәстүр жалғастығы, танымның қазыналық сипаты; 2 Таным модельдерінің символдық түрлері, яғни тілдің қызметі – ақпарат беру емес, бейнелеуге мүмкіншілік жасау. Яғни, тіл арқылы бейнелілік пен дүниедегі объективті шындықты субъективті түрде, символдар арқылы беру;

3 Таным модельдерінің жүйелі сипаты, сабақтастығы. Яғни, ол таным моделінің құрылымдарының тұтасуынан тұратынын сипаттайды» [7, 41].

Жалпы когнитивті ғылымы адамның ұлттық болмысқа негізделген танымдық көрсеткішінің тілдегі көрінісін зерттейтіндігін білеміз. Ендеше мұндағы басты бірлік – концепт. «Концепт – көпқабатты менталды құрылым, ол эмоционалдық, танымдық, мәдени, ұлттық-мәдени ақпаратты біріктіреді» [8, 34]. Концептіні ұлттық, мәдени тұрғыдан анықтап, мәдени, ұлттық-мәдени, лингвомәдени деген түрлерге бөлуге болады.

Ғалым А.Б. Әмірбекова «Концепт» ұғымын әр қырынан қарастыра келе, былай топтап көрсетеді:

«1 Лингвомәдениеттанымдық аспектіде, концепт – ақиқат дүниенің санадағы мәдени, рухани, этикалық, әлеуметтік танымын айқындайтын бірлік ретінде танылады (Н.Д. Арутюнова, А.М. Мороховский, Д.С. Лихачев т.б.).

2 Психоллингвистикалық аспектіде концепт – ақиқат дүние туралы психикалық қабілеттер (қабылдау, жадыда сақтау, көру, есту, ұғыну, сезу) арқылы қабылданған алғашқы ментальді түсініктер ретінде танылады (Р.И. Павиленис, Дж. Келли, Дж. Каган).

3 Лингвокогнитивтік аспектіде, концепт – ақиқат дүниенің санада жан-жақты жинақталып тұжырымдалған ақпараттары мен когнитивтік семантикасы арқылы танылған көрінісі (бейнесі). Әрбір концепт тіл арқылы көрініс табады, концептіні танытуда тілдік семалар қызмет атқарады (Е.Н. Кубрякова, А. Вежбицкая). Дүниені танытатын әрбір сема

санада фрейм, сценарий, ойсурет, сызба секілді фонға салынған ситуациялар мен бейнелер арқылы таңбаланады» [9, 37].

Когнитивті тіл білімінің бірлігі ретіндегі концептіге тілдік бірліктер енеді және номинативті өрісін құрайды.

## КІРІСПЕ

Қазақ тіл болмысының табиғатын, концептілік өрісін анықтау қай кезеңде болмасын өзекті, өйткені ол қазақ тілінің лингвистикалық ерекшеліктерін зерделеумен тікелей байланысты.

Концептінің лингвистикалық негіздері жөнінде Ә.Қайдар, М.Копыленко, Е.Жанпейісов, Ж.Манкееваның еңбектерінде кездеседі. Сонымен қатар, Р.Сыздық, Б.Қалиев, Т.Жанұзақов, Ө.Айтбаевтардың жүйеленген әрі талданған мәліметтерінде деректердің қоры өте көптеп жинақталған. Қазіргі таңда да концептіні зерттеп жатқан ғалымдар аз емес.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының танымдық-когнитивтік жағын зерттеген көптеген қазақ ғалымдары бар. Мәселен, Ж. Аманбекқызы, Г.О. Сыздықова және Л.М. Хусайнова ақын өлеңдеріндегі мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің ұлттық құндылықтар мен моральдық идеалдарды қалыптастырудағы рөлін талдаса [10, 28], Г.У. Ыдырысбаева поэтикалық мәтіндегі метафораларды когнитивтік тұрғыдан зерттеп, ақынның дүниетанымын, рухани және мәдени мәнін ашқан [11]. Ә.Л. Кәкімжанова Шәкәрім дискурсында тіл арқылы ұлттық моральдық және танымдық мағыналардың көрінуін зерттеген [12]. Осы зерттеулер Шәкәрім шығармаларының тілдік құрылымдары мен поэзиясындағы ұлттық құндылықтардың когнитивтік негізін түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі «Ар» концептісі өте көп қырлы және терең философиялық мәнге ие. Ол абырой, намыс, ұят, мораль сияқты адамгершілік қасиеттермен қатар, рухани тазалықты да қамтиды. «Ар» тек бір сөзбен берілетін ұғым ғана емес, оны «абырой», «намыс», «ұят» немесе «адамгершілік» деп беру мүмкін болса да, ол тұтас құндылықтар жүйесін білдіреді, адамның мінез-құлқы, қоғам алдындағы жауапкершілігі және жеке санасының этикалық нормаларымен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, «Ар» концептісі қазақ дүниетанымында адамның ішкі әлемін, ұлттық ерекшелігін және қоғамдық қатынастардағы этикалық ұстанымдарын көрсететін негізгі когнитивтік құрылым ретінде қарастырылады.

Жаһандану заманындағы, жалпы өркениетке ұмтылған жалпыадамзаттың қазіргі күні де өзектілігін жоймаған мәселесі, ол – «Ар» концептісі. «Ар» концептісі әрбір халықтың өз мәдениетіне қарай әлемнің тілдік бейнесінде көрініс тауып, концепт типологиясын жіктеуде әртүрлі қырынан қарастырылып келеді. Зерттеу жұмысының негізгі нысаны болып отырған Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдеріндегі «Ар» концептісі қазақ халқының жалпы өмір сүру салтын, танымын, психологиясын, әлеуметтік қалыптасқан нормаларын, мәдениетін танытатын ерекшеліктер мен ұлттық болмысты суреткерлік тұрғыдан жаңаша сипатта бейнелейді.

Арды ең бірінші орынға қоятын қазақ халқының дүниетанымында бұл ұғым ерекше орын алады. Малын жанының, жанын арының садақасы ретінде көретін, жақсы арына құл, жаман малына құл деп есептейтін, өлімнен ұятты күшті санайтын, жарлы болса да, арлы болуды қалайтын халық ар-ұятты бәрінен де жоғары қойып, адами құндылық ретінде ерекше бағалайды. Әсіресе ар-ұят, абырой сынды адамгершілік қасиеттердің тілдегі бейнеленуі мен лингвофилософиялық көрінісі қазіргі кезде жан-жақты талдауды қажет етеді.

Ақын шығармаларында «Ар» ұғымы тек жеке адамның мінез-құлқын сипаттайтын категория ғана емес, сонымен бірге, үлкен әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылады. Ол қоғамдағы әділдік, абырой, намыс сияқты құндылықтармен тығыз байланысты болып, халықтың қоғамдық сана-сезімін, этикалық нормаларын көрсетеді. Қазақ халқының дәстүрлі танымы мен дүниетанымында «Ар» ұғымы жеке адам мен қоғам арасындағы байланысты, адамгершілік пен рухани тазалықты бейнелейтін ұлтқа тән танымдық-мәдени ұғым ретінде қызмет етеді. Осы тұрғыдан, ақын шығармаларында «Ар» ұғымын зерттеу арқылы қазақ

қоғамының әлеуметтік құндылықтарын, ұлттық мінез-құлық нормаларын және адамның ішкі дүниесін терең түсінуге болады.

Ақын өлеңдеріндегі «Ар» ұғымын жеке адамға тән қасиет қана емес, үлкен әлеуметтік мәселе ретінде қарастыру арқылы қазақ халқының рухани танымын, адамгершілік өлшемдерін, өмірлік ұстанымы мен моральдық түсінігін терең анықтауға болады. Тіпті ақын орыс әдебиетінің көрнекті өкілі Лев Толстойды өзінің рухани ұстаз тұтуын да «Ар» ұғымымен байланыстырады. Ақынның «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» деп аталатын өлеңінде:

«Жанымен сүйді әділет, ардың жолын,

Сондықтан ол иесі терең ойдың», – деген өлең жолдары ақынның арды ең жоғарғы рухани құндылық ретінде танып, биік адамгершілік пен кемелдіктің негізі деп бағалайды.

Шәкәрім ақын ынсап, рахым, ар-ұяттың адам бойынан табылмайтын болса, бұл дүниені былғамай өлгені артық деп санаған. Хайуанаттар әлемінде, жан-жануарлардың ішінде бұл атау мүлде қолданылмайтыны туралы айтады. Демек, ар-ұяттың тек қана адамға қатысы бар екенін алға тартады.

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан

Анық төмен болмай ма хайуаннан.

Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,

Өлген артық дүниені былғағаннан [13, 137].

Ақын ар-ұятты сақтауды ең биік моральдық парыз деп біледі.

Өлең жолдарындағы «хайуаннан төмен» деген тұжырым адам мен хайуан арасындағы айырымды философиялық тұрғыда қарастырады. Шәкәрім түсінігінде ақыл мен жүректің үйлесімі адамға тән сипат болса, инстинкт пен қабілет хайуанға тән сипат. Егер адам өлең жолдарында берілген ар, ұят, иман, сақтық, сабыр, ой, талап сияқты адами қасиеттерді жоғалтса, Абай сөзімен айтсақ, «... ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады».

«Ар» концептісін ақын шығармаларымен сабақтастыра зерттеудің маңызы өте жоғары, себебі ар-ұятты бірінші орынға қойған Шәкәрімнің «Ар» ұғымына байланысты әрбір айтылған ойы, пікірі, туындысы, адамгершіліктің философиясынан тарайды деп айтуға толық негіз бар.

Шәкәрім шығармалары негізінде «Ар» ұғымы тек жеке адамдық қасиет ретінде ғана емес, сонымен бірге ұлттық құндылық ретінде қалыптасып, қоғамдағы мінез-құлық нормасы ретінде танылған. Сондықтан зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – «Ар» ұғымын танымдық тұрғыдан жан-жақты зерделеу, оның мазмұндық мәні мен ерекшелігін ашу болып табылады. Осы мақсатқа сәйкес, Шәкәрім өлеңдеріндегі «Ар» концептілік өрісінің мазмұндық аясын анықтау, оның танымдық сипатын жүйелі талдау, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен моральдық құндылықтар негізінде концептілердің маңызын көрсету міндеттері қойылды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдеріндегі «Ар» концептісі негізінде анықталған тілдік бірліктер ұлттық-мәдени құндылықтарды, жалпыадамзаттық нормаларды игеруге ықпал етеді.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Концепт мәдениетті өңдеу, сақтау, сұрыптау, жинақтау мен табыстаудың бірлігі болып табылады. Сондықтан да концепт өзге ментальды болып табылатын бірліктерден барынша ерекшеленіп, өзіне тек ұлт үшін мағыналы құрамдарды қамтиды. Тек қана бағалаудың нысаны ретінде шынайы болмыстың құбылысы концептіні де толықтай тудыруға негіз бола алады. Себебі, нысанды бағалау үшін адам баласы оны өзінің басынан кешуі қажет, ал кешу мен бағалаудың кезеңі мәдениет иесінің танымында қандай да бір концептіні тудырушы болып есептеледі.

Концептің құрамында мағыналы құрамдардан өзге, бейнелі әрі зейінді элементтер енеді. Зейінді деген элемент шынайы не болмаса жорамалдағы нысан жайында шындыққа негізделген ақпараттардың жүйесі арқылы қалыптасады. Концептінің бейнелі құрамы

болмыстың таным әдісімен байланысты болып келеді. Сондай-ақ, концептің өзіне ғана тән болатындай бірнеше ерекшеліктері бар екені де белгілі.

Зерттеу еңбегінде іріктелген мысалдарды мазмұны, мағынасы жағынан саралу, іріктеу, жинақтау, сараптау сияқты лингвистиканың дәстүрлі әдіс-тәсілдері қолданылды. Контекстік талдау әдісі іске асырылды. Тақырыптың ашылуына, зерттелуіне, әдіснамалық негізін зерделеуде осы мәселені зерттеуші-ғалымдардың, Ә.Қайдар, Ж.Манкеева, Н.Уәли, Г.Смағұлова, Э.Сүлейменова, А.Алдашева, Б.Момынова, Б.Қасым т.б. еңбектері мен тұжырымдары басшылыққа алынды. Сонымен қатар, когнитивтік лингвистика ғылым саласы бойынша соңғы жылдары қарастырылған шетелдік ғалымдардың еңбектері де пайдаланылды [14, 15].

Мақалада зерттеу материалы ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлының Фолиант баспасынан 2018 жылы шыққан 2 томдық шығармалар жинағы алынды. Оның ішінде ақынның өлеңдеріне талдау жасау барысында концептуалды талдауға сүйендік.

## НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ дүниетанымындағы адами құндылықтардың ішіндегі ең ұлысы Ар екені анық. Ар – қазақ абыройының іргетасы. Тіпті адам баласын адам ететін де осы ұғым. Ар – адамның толықтай мінез-құлқының көркі ретінде есептеледі. «Ар – адамгершілік сана, этика-философиялық категория. Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, Ар – оның генезисі, бұлақ бастауы, субстанциясы. Арды адам бойындағы жақсы қасиеттердің өлшемі, адамгершілік санасы деуге негіз бар», – деп берілген «Шәкәрім» энциклопедиясында. Шәкәрімнің сөзімен айтсақ, Ар – адамның адамдық санасы [13, 199 б.]. Ар демек – адамшылық, намыс деген [13, 137 б.].

Ардың ауқымдылығы соншалықты көбіне ұят, намыс, ұждан әрі адамгершіліктің нормасы мен принциптерінің бірыңғай семантикалық баламасы болып қолданыла береді. Мысалы, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде де намыс пен ұят «ар», «абырой», «ұждан» т.б. секілді мағынасында қолданылған. Шәкәрімнің «Ұждан» шығармасында ұждан ардың баламасы ретінде берілген, яғни ұждан ардың макрофреймі.

Шәкәрім арды адамшылық өлшемі, ұят сол адамшылықты қорғаушы күш деп біледі. Ол арды иман, ақыл, еңбек, әділет т.б. сияқты құндылықтармен байланыстырады және оны адамның Жаратушы мен қоғам алдындағы жауапкершілігін анықтайды.

Шәкәрім өлеңдеріндегі «Ар» концептуалдық жүйесі әлеуметтік мағынасы жоғары логикалық модельді білдіреді. Шәкәрім өлеңдерінен ақынның «Арды» тазалықпен, адалдықпен байланыстырып, соған басымдық бергенін байқауға болады (*таза еңбек, таза жүрек, таза ой, таза ақыл, адал еңбек, адал ой*). Осының ішінде *таза еңбек* пен *еңбек ету* ақынның басты ұстанымы.

Ақын адамның адамдық қасиетін адамның адал еңбекке деген қатынасына қарай таниды. Адал еңбексіз келген байлықтың, не өзге біреуді қор етіп, мақтан үшін жиналған байлықты, малды, дүниені Шәкәрім жиіркенішпен айтады.

«Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,

Қазаққа көз сүзбестің қамы үшін жи.

Арың сатпа, терің сат, адалды ізде,

Ғибадат пен адалдық ар үшін жи», – деп ақынның адал еңбек пен ар үшін адал еңбек етуге үндеуі, ар мен адал еңбекті өзара байланысты түрде қарауы – оның өмірден әділдікті арман еткен ізгі тілегіне сай болып келеді.

Ар мен еңбектің үйлесімі: Шәкәрім үшін ар таза болу – тек сыртқы тәртіп немесе қылық емес, адамның күнделікті еңбегінде, іс-әрекеттерінде көрінуі тиіс қасиет. Яғни, адам өз арын сақтау үшін адал, еңбекқор болуы керек. Еңбек арқылы адам өзіне сенімді, қоғамға пайдалы болып, арын қорғауға мүмкіндік алады.

Бірнеше мысал келтірсек,

Адал сол – *таза еңбекпен* күнін көріп,  
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды. [13, 26].  
Ар түзер адамның адамдық санасын,  
Ақ жеңіп шығады арамның қарасын.  
*Адал еңбек, ақ жүрек* берер шешіп,  
*Таза ақыл* қосылса, әлемнің таласын [13, 199].

Қазақ танымында **ар** – адамның рухани тазалығы, адамгершілік өлшемі, өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқы арқылы қоғамға деген жауапкершілігі деп қарастырылады. Шәкәрім Құдайбердіұлы өз шығармаларында ар мәселесіне терең мән беріп, оны халыққа үндеу ретінде жеткізген. Ол өзінің өлеңдерінде:

Адамдық борышың –  
Халқыңа *еңбек қыл*.  
Ақ жолдан айнымай  
Ар сақта, оны біл [13, 297].

– деп атап көрсетеді. Бұл жерде Шәкәрім арды тек ішкі сезім немесе жеке ұстаным ретінде қарастырмай, оны адамдық борыштың, яғни әр адамның өмірлік міндетінің құрамдас бөлігі ретінде бейнелейді. Адам өз халқына адал еңбек етіп, әділ, ақ жолдан таймай өмір сүрген кезде ғана арын сақтай алады.

*Еңбекпенен,*  
Өрнекпенен...  
Ар білімі оқылса. [13, 302].

Шәкәрімнің пайымынша, егер ар білімі дұрыс оқытылып, түсіндірілсе, әр адам әр ісінде адалдық пен әділдікті басты ұстаным етіп, өзіне және халқына жауапкершілікпен қарайды.

...Мейірім, ынсап, ақ пейіл, *адал еңбек* –  
Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол [13, 163].

Ақынның ойынша, бұл төрт қасиет адамның ішкі тазалығы мен қоғам алдындағы борышын сақтауға, ар-намысын қорғауға бағытталған. Яғни адал еңбек пен ізгі ниет арқылы ар ұғымы өмірде жүзеге асады, ал оны сақтай білмеген адам шын мәнінде өз ар-намысын жоғалтады.


Шәкәрім «Мен кетемін, келеді тағы өмірге мендей» атты өлеңінде  
«Сен бола көр аққа жақ,  
Болам десей адам,  
Адал еңбек берер бақ,  
Бассаң соған қадам,  
Айнымайтын ақ жүрек пен таза ақылды жанның

Таппасы жоқ бұл өмірде, осынымды ұқ, балам», – дей отыра, адамның рухани кемелденуін адал еңбекпен байланыстырады. «Аққа жақ бол» принципін ұстанып, тек адал еңбектің шынайы жетістікке жеткізіп, береке беретінін баса көрсеткен. Оған қоса, ақ жүрек пен таза ақылды алсаңыз, адал еңбектің рухани, моральдық, әлеуметтік негізі айқындалады [13, 300].

Көріп отырғанымыздай, Шәкәрім үшін адал, таза еңбек ардың сақталуының негізі өзегі саналады. Ар ұғымын адалдыққа, тазалыққа шақыратын рухани құрал деп біледі. Ол тек рухани құрал емес, рухани байлық көзі. Ақын өлеңдерінен алынған үзінділер адал, таза еңбектің қаншалықты маңызды екендігінің айқын дәлелі.

Шәкәрім сөзімен айтсақ, «Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ.

Жалпы ақынның өлеңдеріндегі «Ар» концептісін талдай келе, концептуалдық өрісін былай көрсетуге болады.



1-сурет. «Ар» концептісінің концептуалдық өрісі

Сөзіміздің дәлелі ретінде бірнеше мысал келтірсек, ...*Ақыл, білім* осындай ар жақтарлық... [13, 22]. Бұл жерде Шәкәрім ақыл мен білімді арды қорғайтын, оны дұрыс жолға бастайтын рухани тірек ретінде көрсетеді. Ар – саналы оймен, біліммен бекитін ұғым.

...*Таза ойлап, татулық* іс табалық!... [13, 24 ]. Ар таза ой мен татулыққа негізделеді. Адамның арлы болуы – қоғамда бейбіт, үйлесімді іс атқаруымен өлшенеді.

...*Сақтық, ұят, рахым, ар, Ынсап* деген кәрің де... [10, 45 б.]. Ар ұят, рахым, ынсап секілді қасиеттермен біртұтас жүйе құрайды. Бұларсыз адам толық адамдыққа жете алмайды.

... *Ғибадат пен адалдық*, ар үшін жи... [13, 97]. Ар діни ғибадатпен ғана емес, адалдықпен өлшенеді. Яғни ар – әрекетпен дәлелденетін рухани ұстаным.

... *Ақ жолдан* айнымай, Ар сақта, оны біл [13, 297]. Ар сақтау – өмірлік бағыттан таймау. Шәкәрім арды адам жолын айқындайтын ішкі компас ретінде түсіндіреді.

... *Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық*, Талапқа алты түрлі нөқта тақтық... [10, 137]. Ар адам мінезін реттейтін негізгі тетік. Ол талапты тежеп, нәпсіні шектейтін моральдық бақылау қызметін атқарады.

... Ар демек – *адамшылық, намыс* деген... [13, 137]. Шәкәрім арды тікелей адамшылық пен намыспен теңестіреді. Ар жоқ жерде адамдық та жоқ деген ой айқындалады.

... *Сабыр* деген – әр іске *шыдамдылық*... [13, 137]. Шәкәрім арды тікелей адамшылық пен намыспен теңестіреді. Ар жоқ жерде адамдық та жоқ деген ой айқындалады.

... *Әділет, мейірім, ар мен нысап*, Аты бар, олар елде жоқ... [13, 202]. Ақын қоғамдағы рухани дағдарысты сынайды: ар мен әділет сөз жүзінде бар, іс жүзінде жоқ екенін көрсетеді.

... *Сөз, мінезі* құбылса, Ар, *иманы* жоқ деп біл... [13, 275]. Шәкәрім арды арамдықтан арылудың жолы деп біледі. Ар – жаман қылықтарға қарсы үндеу.

... Арсыз, арам айланы тастасалық! *Адал іске* талаппен бастасалық!... [13, 24]. Шәкәрім арды арамдықтан арылудың жолы деп біледі. Ар – жаман қылықтарға қарсы үндеу.

... *Рахым* жоқ, *қанағат* жоқ, арсыз болып, Жас бойға жаман атақ тағынбалық!... [13, 246.]. Арсыздық адамға жаман атақ әкеледі. Ар – адам абыройын сақтайтын қорған.

*Ар, нысаппен* іс қылып, азап тартып, *Ақ жолында* өледі бірталай жан... [13, 218]. Ар жолы – жеңіл жол емес. Арды сақтаған адам кейде азап шегеді, бірақ рухани биіктікте қалады.

... *Ақ жүрек, адал ниетті* бола алмайды, Ұжданның бұл сырына шын нанбаған... [13, 219]. Ар ұжданмен тығыз байланысты. Ұжданға сенбеген адам арлы бола алмайды.

...Жанымен сүйді *әділет*, ардың жолын, Сондықтан ол иесі *терең ойдың*... [13, 156]. Ар жолын таңдау – терең ойлы, саналы адамның таңдауы. Ар – әділетке жетелейтін рухани мұрат. (Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады, мақала көлемі көтермейтіндіктен, келесі зерттеу жұмысына қалдырылады)

Шәкәрімнің өлеңдерінде қарастырылған ұғымдар мен идеялар тек жеке-жеке көрініс таппайды; олардың барлығын бір-бірімен тығыз байланыста болып, бірін-бірі толықтырып, кеңірек мағыналық құрылымдар құрайтын адами бірліктер ретінде қарастыруға болады. Бұл тұрғыдан, Шәкәрім шығармалары тек поэтикалық мәтіндер ғана емес, сонымен қатар, адамның моральдық және рухани әлемін, оның танымдық және этикалық принциптерін бейнелейтін тұтас жүйе болып табылады. Өлеңдердегі әрбір ой, идея және моральдық ұстаным басқа элементтермен сабақтасып, жалпы концептілік өрістің құрамдас бөлігіне айналады. Мұндай өзара байланыс және толықтыру арқылы автор адамның ішкі жан дүниесін, қоғамдық нормалар мен ұлттық құндылықтарды жан-жақты суреттейді, оқырманға терең философиялық және моральдық түсінік береді.

Шәкәрім өлеңдерінде «Ар» сөзі «Ұят» сөзімен жиі бірге жүреді. Бұл екі ұғым бірін-бірін толықтыратын ұғымдар. Жоғарыда айтқандай, ар – адалдық пен абыройды сақтауға бағытталған рухани күш, ішкі қағида болса, ұят – осы арды сақтауға негізделген сыртқы реттеуші сезім. Шәкәрім өлеңдерінен ар ішкі тәртіптің бастауы, адам әділ, адал болу үшін арын, ұятын сақтау керек деген идея анық байқалады. Ақын өлеңдерінде *ар, ұят, ынсап*,

*рахым, сақтық, сабыр* сөздері бірге қолданылып, бір жүйе құрайды. (*Ұят, ынсап бар ма екен, ойла, менде* [13, 36], *Рахым, ұят, ар қайда?* [13, 44], *Сақтық, ұят, рахым, ар* [13, 45], *Рахым, ұят, ар, ынсап* [13, 89], *Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық* [13, 136]. Бұл ұғымдар ақынның адамгершілік идеясын қалыптастырады.

Ақын шығармаларында «Ар-ұят» ұғымы тек моральдық ұстаным ретінде ғана емес, сонымен қатар, жаман әдеттер мен теріс қасиеттерден бас тартуға бағыттайтын тиімді құрал ретінде қолданылады. Шәкәрім өз өлеңдерінде адамның мінез-құлқындағы теріс қылықтарды, кемшіліктерді айқын көрсетіп, «Ар» ұғымының мән-мағынасын терең түсіндіруге тырысқан. Ол бұл мақсатқа жету үшін қарсы мәнді сөздер мен антонимдерді жиі қолданады, мысалы, ар мен ұятқа қарсы келетін жамандық, жақсылық немесе әдепсіздік сияқты ұғымдарды енгізеді. Осындай әдіс арқылы ақын оқырманның ойына әсер етіп, адамның рухани тазалығы мен моральдық жауапкершілігін түсіндіруге ұмтылады. Сонымен қатар, бұл тәсіл арқылы Шәкәрім «Ар» ұғымының кең ауқымды мәнін аша отырып, оны тек жеке адамдық қасиет қана емес, қоғамдағы мінез-құлық нормасы, ұлттық құндылық ретінде де көрсетуге мүмкіндік береді.

Өте көп кездесетіні «Арсыздық», «Арамдық» тілдік бірлігі. «Ар» және «Арсыздық» ұғымдарын қарама-қарсы қою арқылы ақын «Ар» ұғымының мән-мағынасын ашып берген. Шәкәрім өлеңдерін талдай келе, «Арсыздық» ұғымының концептуалдық өрісін былай жіктеп көрсетуге болады. *Айла, өтірік* [13, 21], *ғайбат, ынсапсыздық* [13, 23], *арам айла* [13, 24], *рахымсыз, қанағатсыз* [13, 24], *арамдық* [13, 26], *арам, асығыстық, айлакестік* [13, 52], *тойымсыздық* [13, 82], *ақымақ* [13, 133], *өзімшіл, пейілі тар, жуандық, зорлық, күншіл, мақтаншақ, елді талау, жазықсыз сабау, өсек айту, жазықсыз жала жабу* [13, 184 б.], *ел зарлатқан* [13, 185], *қу* [13, 188], *ойсыз* [13, 190], *айла, күш, зұлымдық, араны ашық жалмауыз* [13, 193], *нәпсіге ерген, алдамшы* [13, 243], *қу сайтан* [13, 243], *арам ой* [13, 300].

Көріп отырғанымыздай, ақын «арсыздық» ұғымын кең концептуалдық өріспен сипаттаған және *арамдық, зорлық-зомбылық, күншілдік, ынсапсыздық, зұлымдық т.б.* теріс мінездерді бір семантикалық жүйеге біріктірген. «Ар» мен «Арсыздық» ұғымдарын қатар қоя отырып, адамның рухани болмысы мен адамгершілік өлшеміннің негізі ретінде қарастырады. Ақын «*Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды*», - деп, арсыздықтың тіршілік ету, өмір сүру амалына айналған сипатын сынайды. Сонымен бірге, ақын түсінігінде «Арсыздық» мінез кемшілігі емес, керісінше одан да жоғары тұратын қоғамның әлеуметтік дерті ретінде қарастырады. Мысалы оны мына өлең жолдарынан байқауға болады: «Ел зарлатқан арсыздың қылығынан». Бұл жолдар арсыздықтың салдары тек жеке адаммен шектелмейді, барлық елге, халыққа зиян келтіретін қасірет ретінде сипаттайды.

Ар-ұятты жоғары бағалап, оның жалпы адам өміріне, болашағына қаншалықты әсерін беретінін де шебер жеткізе алған. Ар-ұятты сақтаған адамның дүниеде жолы болып, үнемі жақсылықтарға кенеле беретіні туралы да айтылған. Ар-ұяттың әлеуметтік мәнінің, әрі сипатының да алатын орны зор болмақ.

Шәкәрім өлеңдеріндегі ар – адамдық болмыстың негізі болса, арсыздық – сол адамдық болмысты жоятын күш. Ақын арсыздықты әшкерелеу арқылы «Ар» ұғымының мағынасын, мәнін тереңнен ашып, жастардың санасына ардың құндылығын сіңіру. Сол арқылы адамды адалдыққа, адамгершілікке, ұят пен намысқа, имандылық пен мейірімділікке, таза, адал еңбек пен адал ниетке, әділет пен татулыққа шақырады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ дүниетанымындағы адами құндылықтардың ішіндегі ең ұлысы – ар мен ұят екені анық. Тіпті адам баласын адам ететін де осы екі ұғым. «Ар» концептісінің әлеуметтік әрі танымдық сипатын зерделеген кезде Шәкәрім Құдайбердіұлы ар мен ұятты адам баласының

қарапайымдылығы мен мейірімділігінің, әділдігінің бірлігі ретінде бағалағанын көруге болады.

Шәкәрім өлеңдеріндегі «Ар» ұғымының концептілік қабаты, тілдегі қолданысы аса шеберлікпен, терең танымдық деңгейде жеткізілген. «Ар» концептісінің мағынасы кең әрі ауқымды, қолданыстық аясы мен функционалдық мүмкіндіктері сан қырлы және жан-жақты. Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдеріндегі «Ар» концептісін талдау арқылы оның тілдік, танымдық сипаты жан-жақты зерделеніп, мәдени, танымдық өлшемдері дәлелденді.

Шәкәрім өлеңдерінде «Ар» мен «Ұят» ұғымы қатар жүреді. Бұл екі ұғымды бірін-бірін толықтыратын ұғым ретінде қарастыруға болады. Шәкәрім шығармаларынан ар ішкі тәртіптің бастауы, адам әділ, адал болу үшін арын, ұятын сақтау керек деген идея анық байқалады. Шәкәрім өлеңдерінде өте жиі кездесетін *ар, ұят, ынсап, рахым, сақтық, сабыр* ұғымдары бірге қолданылып, бір жүйе құрайды.

Қорыта келе, Шәкәрім өлеңдеріндегі «Ар» концептісі ұят, намыс, адалдық, адамгершілік, әділдік, ұждан сияқты адами қасиеттердің бастауы ретінде қарастырылған және ол тұрақты түрде басымдық алған. Жалпы, зерттеу жұмысы ақын өлеңдерін тілдік-танымдық тұрғыдан талдаудың тиімділігін көрсетті. Зерттеу нәтижелері таным теориясының мазмұнын жетілдіріп, мәдени, рухани құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды дұрыс қабылдауға септігін тигізеді. Сондай-ақ, концептуалдық бірліктер жеке тұлғаның адами сипатын бейнелеп, ұлттық санасын айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеудің практикалық бағытын сараласақ, біріншіден, Шәкәрім өлеңдеріндегі «Ар» концептісінің концептуалдық өрісі мәтінді терең талдауда, мағынаның астарлы қабаттарын ашуда әдістемелік негіз бола алады, екіншіден, зерттеу нәтижелері «Ар» концептісінің әлеуметтік, мінез-құлықтық нормалар деп танылған құндылықтарды зерделеуге мүмкіндік береді.

#### ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған BR28712491 «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм» жобасы аясында әзірленді.

К.К.Муканова, Э.М.Самекбаева, Г.Б.Сағанаева авторлық бірлестігінде әзірленіп, баспаға ұсынылған «Шәкәрім өлеңдеріндегі «Ар» концептісінің танымдық ерекшеліктері» мақалада жасанды интеллектіні қолдану бойынша негіздеме.

Мақала әзірлеу барысында жасанды интеллект ChatGPT әдебиеттер тізімін реттеуде және сол әдебиеттер тізімін орыс және ағылшын тілдеріне аудару барысында, ағылшын тілінде алынған материалды редакциялау барысында, аннотацияны және авторлар туралы мәліметті орыс және ағылшын тілдеріне аудару барысында қолданылды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жахина Б.Б. Таным теориясы және функционалдық сауаттылық // Ш.Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. №4. -Б. 276-284
- 2 Lewandowski W., Özçalışkan S. Running across the mind or across the park: does speech about physical and metaphorical motion go hand in hand? // Cognitive Linguistics. – 2023. Vol. 34(3–4). pp. 411–444
- 3 Abdug'affarova Gulhayo Abdug'affar qizi. Main notions of axiological linguistics. // Western European Journal of Linguistics and Education, – 2025. 3(06), 1-2.  
<https://westerneuropeanstudies.com/index.php/2/article/view/25834>
- 4 Есеналиева Ж. Лингвистиканың өзекті мәселелері. Ғылыми мағалалар жинағы. Алматы:

Полилингва, 2021. – 289 б.

5 Мәдениет – өркениет – жаһаният контексіндегі гуманитарлық ғылым: Тіл. Этнос. Қоғам. Халықаралық конгресс материалдары. – Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 850 б.

6 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы: Ғылым, 1998. –137 б.

7 Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным, 2001. №4. 39-43б.

8 Alefirenko, N. F. (2019). *Concept as a mysterious demiurge of cognitive linguopoetics*. Russian Linguistic Bulletin, 1(17). <https://doi.org/10.18454/RULB.2019.17.1.1>

9 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша). Филол. ғыл. канд.... дисс. – Алматы, 2016. – 118 б.

10 Аманбекқызы Ж., Сыздықова Г.О., Хусаинова Л.М. Шәкәрім өлеңдеріндегі өмір туралы мақал-мәтелдердің танымдық сипаты // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. №3 (152).

11 Ыдырысбаева Г. У. Шәкәрім өлеңдеріндегі метафораларды танымдық тұрғыда талдау // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы - 2015. - №3. - Б. 376-381.

12 Kakimzhanova A.L. Verbalization of National Values in the Discourse of Shakarim Kudaiberdiuly // Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысы-Известия. Филология ғылымдары сериясы. – 2023. №3 (70). - Б. 106-117.

13 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. 1-том. – Астана: Фолиант, 2018. – 472 б.

14 Leah Tompkins, Anne McCabe. A systemic functional linguistic coding scheme for context dependency and complexity in academic writing. *Research Methods in Applied Linguistics*. April 2026. 100284. Volume: 5. Issue: 1

<https://www.scopus.com/pages/publications/105024851428?origin=resultslst>

15 Rethinking Metaphor Evaluation: Aptness Judgments as a Cognitive Probe for Language Models. *Cognitive Computation* ISSN: 18669956. Volume: 18. Issue: 1

<https://www.scopus.com/pages/publications/105033693436?origin=resultslst>

Материал 28.03.2026 баспаға түсті

### **Когнитивные особенности концепта «Ар» в поэзии Шакарима**

К.К. Муканова<sup>1</sup>, Э.М. Самекбаева<sup>1</sup>, Г.Б. Сағанаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>НАО «Шәкәрім университет» Семей, 071411, Казахстан

*В статье анализируются когнитивные особенности концепта «Ар» в стихотворениях Шакарима Кудайбердиұлы. В исследовательской работе рассматривается взаимосвязь языка и мышления на основе антропоцентрической парадигмы и представлена концептуальная система понятия «Ар».*

*В ходе исследования в качестве теоретической отправной точки использовались взгляды таких ученых, как А. Байтұрсынұлы, К. Жубанов, С. Аманжолов, работы таких ученых, как А. Кайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейсов, Ж. Манкеева, М. Копыленко, Т. Жанузаков, О. Айтбаев, Е. Сулейменова, Б. Момынова, Б. Касым изучавших язык в когнитивном аспекте.*

*На основе произведения Шакарима понятие «Ар» сформировалось не только как индивидуальное качество или как личностная черта, но и как национальная ценность и было признано нормой поведения в обществе. Таким образом, главной целью исследовательской работы было всестороннее изучение понятия «Ар» с познавательной точки зрения, выявление его содержания и функций. В соответствии с этой целью, задачи исследования заключались в определении содержания концептуального поля «Ар» в произведениях Шакарима, систематическом анализе его познавательной природы, а также в демонстрации значимости понятий, основанных на национальной культуре и моральных ценностях. В результате анализа было определено место понятия «Ар» в казахской литературе и*

*философской мысли, а также широко раскрыто его познавательное, этическое и социальное значение.*

*Систематическое изучение познавательных особенностей понятия «Ар» в стихотворениях Шакарима позволяет определить его лингвистическую, познавательную природу и познавательные измерения, что вносит вклад в теоретическую основу казахской лингвистики.*

*Ключевые слова: понятие, познание, язык и мышление, понятие «Ар», концептуальный анализ, лингвокультурное понятие*

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Жахина Б.Б. Теория познания и функциональная грамотность // Вестник КУ им. Ш. Уалиханова. Филологическая серия. – 2024. № 4. – С. 276-284
- 2 Lewandowski W., Özçalışkan S. Running across the mind or across the park: does speech about physical and metaphorical motion go hand in hand? // Cognitive Linguistics. –2023. Vol. 34(3–4). pp. 411–444
- 3 Abdug'affarova Gulhayo Abdug'affar qizi. Main notions of axiological linguistics. (2025). Western European Journal of Linguistics and Education, 3(06), 1-2. <https://westerneuropeanstudies.com/index.php/2/article/view/25834>
- 4 Есеналиева Ж. Актуальные вопросы лингвистики. Сборник научных статей. Алматы: Полилингва, 2021. – 289 с.
- 5 Гуманитарные науки в контексте культуры, цивилизации и глобализации: Язык. Этноцентризм. Общество. Материалы Международного конгресса. – Алматы: Издательство «Асыл», 2024. – 850 с.
- 6 Жаманбаева К. Когнитивные основы языкового употребления: эмоция, символ, языковое сознание. – Алматы: Ғылым, 1998. – 137 с.
- 7 Манкеева Ж. А. Когнитивные основы изучения казахского языка // Тілтаным. – 2001. – № 4. – С. 39–43.
- 8 Alefirenko, N. F. (2019). *Concept as a mysterious demiurge of cognitive linguopoetics*. Russian Linguistic Bulletin, 1(17). <https://doi.org/10.18454/RULB.2019.17.1.1>
- 9 Амирбекова А. Б. Особенности вербализации концептуальных структур в поэтическом тексте (на материале поэзии М. Макатаева): дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2016. – 118 с.
- 10 Аманбекқызы Ж., Сыздыкова Г. О., Хусаинова Л. М. Познавательный характер пословиц и поговорок о жизни в стихах Шакарима // Вестник Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. Серия «Филология». – 2025. – № 3 (152).
- 11 Ыдырысбаева Г. У. Когнитивный анализ метафор в поэзии Шакарима // Вестник Казахского национального университета имени аль-Фараби. Серия «Филология». – 2015. – № 3. – С. 376–381.
- 12 Kakimzhanova A. L. Verbalization of National Values in the Discourse of Shakarim Kudaiberdiuly // Вестник КазУМОиМЯ имени Абылай хана – Известия. Серия «Филологические науки». – 2023. – № 3 (70). – С. 106–117.
- 13 Кудайбердиұлы Ш. Произведения. Т. 1. – Астана: Фолиант, 2018. – 472 с.
- 14 Leah Tompkins, Anne McCabe. A systemic functional linguistic coding scheme for context dependency and complexity in academic writing. Research Methods in Applied Linguistics. April 2026. 100284. Volume: 5. Issue: 1  
<https://www.scopus.com/pages/publications/105024851428?origin=resultlist>
- 15 Rethinking Metaphor Evaluation: Aptness Judgments as a Cognitive Probe for Language Models. Cognitive Computation ISSN: 18669956. Volume: 18. Issue: 1  
<https://www.scopus.com/pages/publications/105033693436?origin=resultlist>

Материал поступил в редакцию журнала 28.03.2026

## Cognitive Features of the Concept “Conscience” in Shakarim’s Poetry

K. Mukanova<sup>1</sup>, E. Samekbaeva<sup>1</sup>, G. Saganaeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Shakarim University, Semey, 071411, Kazakhstan

*This article analyzes the cognitive characteristics of the concept of Ar in the poetry of Shakarim Kudaiberdiuli. The study is conducted within the framework of the anthropocentric paradigm and examines the relationship between language, thought, and culture through the analysis of a key moral concept in Shakarim’s works. The theoretical foundation of the research is based on the ideas of A. Baitursynuly, K. Zhubanov, and S. Amanzholov, as well as on the works of scholars who have contributed to the development of cognitive linguistics in Kazakhstan. The aim of the study is to provide a comprehensive analysis of the concept of Ar, identify its content and functions, and determine its role in the representation of national culture and moral values. Particular attention is paid to the structure of the conceptual field of Ar and its manifestation in Shakarim’s poetic discourse.*

*The analysis demonstrates that the concept of Ar functions not only as an individual moral quality but also as an important national value and a socially significant norm of behavior. The findings reveal its cognitive, ethical, and social dimensions and clarify its place in Kazakh literature and philosophical thought. The study shows that the concept of Ar reflects fundamental cultural values and serves as a means of representing the moral worldview of the Kazakh people. The research contributes to a deeper understanding of the linguistic and cognitive nature of this concept and expands the theoretical foundations of cognitive studies in Kazakh linguistics.*

*Key words: concept, cognition, language and thinking, concept of "Ar", conceptual analysis, linguacultural concept.*

## REFERENCES

- 1 Zhakhina B.B. Theory of knowledge and functional literacy // Bulletin of the Ualikhanov University. Philological series. - 2024. No. 4. - P. 276-284
- 2 Lewandowski W., Özçalışkan S. Running across the mind or across the park: does speech about physical and metaphorical motion go hand in hand? // Cognitive Linguistics. –2023. Vol. 34(3–4). pp. 411–444
- 3 Abdug'affarova Gulhayo Abdug'affar qizi. Main notions of axiological linguistics. (2025). Western European Journal of Linguistics and Education, 3(06), 1-2. <https://westerneuropianstudies.com/index.php/2/article/view/25834>
- 4 Yesenaliyeva J. Current linguistic issues. Collection of scientific articles. Almaty: Polilingva, 2021. - 289 p.
- 5 Humanities in the context of culture, civilization and globalization: Language. Ethnocentrism. Society. Material of the International Congress. - Almaty: Izdatelstvo "Asyl", 2024. - 850 p.
- 6 Zhamanbayeva, K. *Cognitive Foundations of Language Use: Emotion, Symbol, and Linguistic Consciousness*. Almaty: Gylim, 1998. 137 p.
- 7 Mankeeva, Zh. A. Cognitive foundations of the study of the Kazakh language. *Tiltanym*, 2001, No. 4, pp. 39–43.
- 8 Alefirenko, N. F. (2019). *Concept as a mysterious demiurge of cognitive linguopoetics*. Russian Linguistic Bulletin, 1(17). <https://doi.org/10.18454/RULB.2019.17.1.1>
- 9 Amirbekova, A. B. *Features of the Verbalization of Conceptual Structures in Poetic Texts (Based on the Poetry of M. Makataev)*. PhD diss. (Philology). Almaty, 2016. 118 p.
- 10 Amanbekkyzy, Zh., Syzdykova, G. O., Khusainova, L. M. *Bulletin of the L. N. The cognitive nature of proverbs and sayings about life in Shakarim's poems*. *Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 2025, No. 3 (152).
- 11 Ydyrysbaeva, G. U. Cognitive analysis of metaphors in Shakarim’s poetry. *Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Philology Series*, 2015, No. 3, pp. 376–381.

12 Kakimzhanova, A. L. Verbalization of national values in the discourse of Shakarim Kudaiberdiuly. *Bulletin of Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages – Izvestiya. Philological Sciences Series*, 2023, No. 3 (70), pp. 106–117.

13 Kudaiberdiuly, Sh. *Works*. Vol. 1. Astana: Foliant, 2018. 472 p.

14 Leah Tompkins, Anne McCabe. A systemic functional linguistic coding scheme for context dependency and complexity in academic writing. *Research Methods in Applied Linguistics*. April 2026. 100284. Volume: 5. Issue: 1

<https://www.scopus.com/pages/publications/105024851428?origin=resultslist>

15 Rethinking Metaphor Evaluation: Aptness Judgments as a Cognitive Probe for Language Models. *Cognitive Computation* ISSN: 18669956. Volume: 18. Issue: 1

<https://www.scopus.com/pages/publications/105033693436?origin=resultslist>

Received: 28.03.2026

IRSTI 16.21.29

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp110-123](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp110-123)

**Yu. Pavlova<sup>1</sup>, J. Amanzholova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Farabi University, Almaty, 050038, Kazakhstan

<sup>2</sup>Astana IT University, Astana, 010000, Kazakhstan

## **ANALYSIS OF DISCURSIVE MANIPULATION STRATEGIES IN DONNA TARTT'S NOVEL THE GOLDFINCH**

*focusing on how the first-person narrative perspective functions as a mechanism of evaluative framing and reader positioning. Conducted within the framework of critical discourse analysis, the research addresses the problem of implicit influence in literary discourse, which operates not through overt persuasion but through discursively constructed patterns of interpretation embedded in narrative structure. The study aims to identify and classify discursive manipulation strategies realized through perspective control, lexical choices, and symbolic structuring within the narrator's discourse. The methodological approach is based on critical discourse analysis, complemented by interpretive textual analysis of selected narrative fragments.*

*The findings demonstrate that manipulative influence in the novel is realized through systematic strategies such as concealment of motives, frame substitution, evaluative recontextualization, emotional appeals, symbolic anchoring, metaphorization, euphemization, and irony. These strategies function not as isolated rhetorical devices but as interconnected mechanisms of narrative control that guide the reader's moral and interpretative alignment. The study contributes to literary discourse analysis by proposing a coherent classification of narrative manipulation strategies within a discourse-analytical framework. Its significance lies in clarifying how literary discourse constructs cognitive and emotional positioning through perspective management, thereby refining analytical tools for the study of implicit influence in contemporary narrative fiction.*

*Key words: strategy, speech manipulation, irony, cognitive influence, metaphorisation, euphemisation, critical discourse analysis*

### **MAIN PROVISIONS**

The term manipulation entered English usage in the nineteenth century and originally denoted manual operation or technical skill. Over time, its meaning shifted toward the sphere of intentional influence and deceptive control. In contemporary scholarship, manipulation is primarily understood as a communicative strategy involving asymmetrical control over interpretation.